

**Ресейдің федералдық ғарыштық бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары және коммерциялық бағдарламалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарына толықтыру бойынша қорытындыны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 1261 қаулысы 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытынды (келісу) ұсыну мен алудың тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ресейдің федералдық ғарыштық бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары және коммерциялық бағдарламалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарына толықтыру бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қорытындыны Ресей тарабына дипломатиялық арналар арқылы жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      1 3                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N              1 2 6 1                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ресейдің федералдық ғарыштық бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары және коммерциялық бағдарламалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарына толықтыру бойынша қорытынды**

Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің 2003 жылғы 19 тамыздағы нотасында ұсынылған қосымша ақпаратты қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресейдің федералдық ғарыштық бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық

бағдарламалары және коммерциялық бағдарламалар шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2003 жылға арналған жоспарымен көзделген "Союз" зымыран тасығышымен "РЕСУРС-ДК" ғарыш аппаратын ұшырудың орнына "Союз-ФГ" зымыран тасығышымен "АМОС-2" ғарыш аппаратын 2003 жылдың IV тоқсанында ұшыруды келіседі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК